

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕҮ
20 04 ж. « 2 » бонжүршік ЖУРПІЗІЛДІ
БСН 950240000112
№ F41-1900-A4
Бастапқы тіркеլген күні
1995 ж. « 2 » ақпан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 19 ж. « 4 » май
БСН 950240000112
№ F41-1900-A4
Бастапқы тіркеլген күні
1995 ж. « 2 » ақпан

**«Еуразиялық банк»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫң**

ЖАРҒЫСЫ

**«Еуразиялық банк» АҚ
жылтыз акционерлік
2019 жылғы «28» кантардагы
шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

Аттанды

Осы Жарғы «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының, бұдан әрі «Банк» деп аталады, құқыктық мәртебесін, ұйымдастыру және жұмыс істеу негіздерін, сондай-ақ Банк қызметін тоқтату талаптарын анықтайдын құжат болып табылады. Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Банктің толық және қыскартылған атауы:

- а) мемлекеттік тілде – «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамы, «Еуразиялық банк» АҚ;
- б) орыс тілінде – Акционерное общество «Евразийский банк», АО «Евразийский банк»;
- в) ағылшын тілінде – Joint Stock Company «Eurasian Bank», JSC «Eurasian Bank».

1.2. Банк – коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға, ол осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқыктық актілеріне сәйкес банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Банктің оған меншік құқығымен тиесілі оқшауланған мүлкі бар және осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқыктар мен міндеттерді иелене және жүзеге асыра алады, сotta талапкер және жауапкер бола алады. Банктің дербес балансы және корреспонденттік шоттары бар.

Банктің ресми мәртебесі Банк ретіндегі заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеумен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – үәкілдепті орган) банктік операциялар жүргізу туралы лицензиясымен анықталады.

Банктің мөрі болуы мүмкін, сондай-ақ оның бланкілері, эмблемалары және өз қызметін жүзеге асыруға қажетті басқа да деректемелері бар.

1.3. Банктің атқарушы органдың (Басқармасының) орналасқан жері: пошталық индексі A25Y5K2, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 56.

1.4. Банктің меншік нысаны - жекеменшік.

1.5. Банк банктік қызметін жүзеге асыру процесінде Конституцияны және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарды (келісімдерді), сондай-ақ оның негізінде және заңнамалық актілерді орындау үшін шыгарылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқыктық актілерін және оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны, Банк акционерлерінің (акционерінің) Жалпы жиналышының, Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банк акционерлердің Жалпы жиналышы бекіткен корпоративтік басқару кодексін қабылдайды.

1.7. Банктің өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банк өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауаптылықта болады.

Банктің акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оған тиесілі акциялар құны шегінде Банктің қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

1.8. Банк немесе мемлекет мұндағы жауапкершілікті қабылдайтын жағдайларды қоспағанда, мемлекет Банк міндеттемелері бойынша жауап бермейтіндей Банк те мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

1.9. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз еншілес ұйымдарын құруға және Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілдіктер, филиалдар және бөлімшелер (Бас банк пен филиалдар жаңында) ашуға құқылы.

Банк филиалдарының директорлары Банк мүддесін үшінші тұлғалармен қатастаарда өздеріне берілген өкілдептіктер шегінде білдіру құқығы туралы сенімхаттарға қол қоюға құқылы.

1.10. Банк қызметінің мерзімі шектелмеген.

II. БАНКТИҢ БАНКТИК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТИ

2.1. Банк қызметінің мақсаты - табыс табу.

2.2. Банк үәкілдепті органдың және басқа да мемлекеттік органдардың лицензиялары бар болғанда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық немесе белгілі бір банктік және басқа да операцияларды ұлттық валютамен де, шетелдік валютамен де жүзеге асырады.

2.3. Банк үәкілдепті органдың лицензиясы бар болғанда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2.4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері үшін рұқсат етілген лицензияланбайтын қызметтің барлық түрлерін жүзеге асырады.

Қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін үәкілетті органдардың (лицензиардың) арнағы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болған жағдайда Банк қызметтің бұл түрін тек белгіленген тәртіппен тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты) алғаннан кейін және оған сәйкес жүзеге асырады.

III. БАНКТІҢ МҮЛКІ ЖӘНЕ КАПИТАЛЫ

3.1. Банктің мүлкі оған меншік құқығымен тиесілі.

Банктің мүлкін құрастыру көздері:

- акцияларды сатудан түсken қаражат;
- онын қызметінен алынған табыстар;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыбым салынбаған басқа да көздер.

3.2. Банктің жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акциялардың номиналдық құнымен және инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы құрастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен беріледі.

3.3. Банк акциялары орналастыру кезінде тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен ғана төленуі тиіс.

3.4. Банктің жарғылық капиталының ұлғаюы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

3.5. Банктің реттегіш меншікті капиталы - Банктің инвестицияларын шегергендеңі капитал сомасы. Банктің реттегіш меншікті капиталы мен инвестиацияларын есептеу әдістемесін үәкілетті орган анықтайды.

3.6. Банктік қызметті жүзеге асыруға байланысты залалдарды өтеу мақсатында Банк резервтік капитал құрастырады. Резервтік капитал жай акциялар бойынша дивиденд төлегенге дейін Банктің таза табысы есебінен құралады. Банктің резервтік капиталының ең аз мөлшерін үәкілетті орган белгілейді.

Қандай да бір төлемдер нәтижесінде Банктің резервтік капиталы үәкілетті орган белгілелен мөлшерден кем болса, Банк резервтік капиталды көрсетілген колемге дейін толықтыру үшін аударымдар жасауды жаңғыртуға міндettі. Банктің залалдары резервтік капитал есебінен өтеледі, ал ол жеткіліксіз болғанда Банктің басқа меншікті қаражаты есебінен өтеледі.

3.7. Банк басқа да корларды қалыптастырады, олардың түрлері мен пайдалану тәртібін Банктің Директорлар кенесі анықтайды.

3.8. Өз қызметін бақылау мен сенімділіктің тиісті түрдегі деңгейін жүргізілетін операциялардың сипаты мен ауқымына сәйкес қамтамасыз ету мақсатында Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үәкілетті орган белгілейтін тәртіппен және талаптар бойынша оларға қарсы провизиялар (резервтер) құрастыра отырып, берілген кредиттерді және басқа да активтерді жіктемелейді.

IV. БАНКТІҢ АКЦИЯЛАРЫ. БАНКТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРИ. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ.

4.1. Банк жай және артықшылықты акциялар шығарады. Орналастыру кезеңінде Банктің артықшылықты акцияларының саны оның орналастыранған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауга тиіс.

Банк өз акцияларын құжатсыз нысанда шығарады.

Акция бөлінбейді.

Жай акция акционерге акционерлердің Жалпы жиналышына дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен катысу құқығын, Банктің таза табысы болғанда дивиденд алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылғанда Банк мүлкінің бір белгін алу құқығын береді.

Артықшылықты акциялардың иелері - акционерлердің жай акциялардың иелері - акционерлердің алдында осы Жарғының 4.3. тармагында белгіленген алдын ала айқындалған кепілдікті мөлшерде дивидендтер алуға және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Занында (бұдан әрі – АҚ туралы зан) белгіленген тәртіппен Банкті тарату кезінде мүліктің бір белгіне артықшылықты құқығы болады. Артықшылықты акция, осы Жарғының 4.3.

тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді.

Банк акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін орталық депозитарий жүргізеді.

4.2. Банк акционерінің құқықтары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысу;

2) даусы беретін акциялардың бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде Директорлар кеңесіне АҚ туралы заңға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді қосу жөнінде ұсыныс жасау;

3) дивидендтер алу;

4) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда анықталған тәртіппен Банк қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде Банктің қаржылық есептілігімен танысу;

5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан бағалы қағаздарға оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;

6) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсыну;

7) Банк органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;

8) Банктің даусы беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, АҚ туралы заңын 63 және 74 баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірілген залалдарды Банкке өтеуі және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Банкке қайтаруы туралы талаппен жүгіну;

9) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және Банкке сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алу;

10) Банк таратылған кезде мүлкітің бір бөлігін алу;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Банктің акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу;

12) акционерлердің жалпы жиналысының АҚ туралы заңда көзделген тәртіппен қогам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдаудына қатысу.

4.3. Артықшылықты акцияларға ие Банк акционерінің құқықтары:

1) жай акциялардың иелері - акционерлер алдында бір артықшылықты акция үшін 250 теңге мөлшерінде кепілдікті мөлшерде дивиденд алуға артықшылықты құқығы бар. Бұл ретте артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшері осы кезең үшін жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшерінен кем болмауы тиіс;

2) Банкті басқаруға қатысу, егер:

а) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы артықшылықты акцияларға ие акционер құқығын шектейтін шешім шығарылатын мәселені қарастырса. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеу үшін орналастырылған артықшылықты акциялардың (сатып алынғандары шегеріле отырып) жалпы санының кемінде үштен екісі даусы берген жағдайда гана қабылданды деп есептеледі.

Артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектеуі мүмкін шешім қабылдауды мәселелеріне:

– артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерінің азаюы немесе мөлшерін есептеу тәртібінің өзгеруі;

– артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібінің өзгеруі;

– артықшылықты акцияларды Банктің жай акцияларына айырбастау туралы мәселелер жатады;

б) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті қайта үйимдастыру немесе тарату туралы мәселені қарастырады;

в) дивиденд АҚ туралы заңда белгіленген негізdemeler бойынша есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акциялар бойынша дивиденд осы Жарғының 4.12. тармағында төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш ай ішінде толық төленбеген;

г) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банк АҚ туралы заңға сәйкес үйимдастырылмаған нарықта сатып алу кезінде артықшылықты акциялардың құнын анықтау (құрылтай жиналысы бекітпеген болса, әдістемені бекіту) әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарастырады.

Банктің артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын акционер акционерлердің катысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

4.4. Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер Банктің Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы акпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

- Банктің Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (табыс) алу мақсатында Банк акционерлерін қасақана жаңылыстыруға экелу фактісін сот анықтаған кезде;

- егер Банктің Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Банкте залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.

4.5. Ірі акционердің құқықтары:

1) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналышын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналышын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап арызбен сотқа жүгіну;

2) Банктің Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;

3) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банкке аудит жүргізуін талап ету.

Акционерлердің Жалпы жиналышын шақыратын орган немесе тұлғалар Жарғының 4.2. тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптарды орындауға міндettі.

4.6. Банк акционерінің міндettтері:

1) акцияларды төлеу;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды орталық депозитарийге және (немесе) номиналды ұстаушыға Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлау;

3) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе занмен коргалатын өзге де құпия болып табылатын акпаратты жария етпеу;

4) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес басқа да міндettтерді орындау.

4.7. Банк айырбасталатын акциялар шығаруга құқылы. Жарияланған акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған атальған бағалы қағаздарды сату ниеті бар Банк осы туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған Банктің органды белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша сатып алушы ұсынуға міндettі. Акционер Банктің акцияларын орналастыру (өткізу) туралы хабарлаған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде акцияларды не Банктің акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға етінім беруге құқылы.

Бұл ретте Банктің жай акцияларын иеленуші акционердің жай акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алуға құқығы бар, ал Банктің артықшылықты акцияларын иеленуші акционердің Банктің артықшылықты акцияларын басымдықпен сатып алуға құқығы бар.

Акционер басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акциялардың немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың акысын төлеуді акциялар орналастырыла бастаған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімде жузеге асырады.

Жарияланған акцияларды орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған акцияларды өткізуге ниеті бар Банк уәкілетті органның талабы бойынша пруденциялық және Қазақстан Республикасының заннамасымен белгіленген өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы бағалы қағаздарды өздерінде бар акциялар санына барабар тен жағдайларда бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған Банктің органды белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша сатып алушы ұсынуға міндettі. Акционер Банктің акцияларды орналастыру (өткізу) туралы хабарлаған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде акцияларды не Банктің акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беруге құқылы.

Банктің басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акцияларына акы төлеуді акционер оларды сатып алуға өтінім берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Акциялардың немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың акысын төлемеген жағдайда Жарғының осы тармагында белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін өтінім жарамсыз болып есептеледі.

Банк акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен иелену құқығын іске асыру тәртібін және одан бас тартуды уәкілетті орган белгілейді.

Банктің бағалы қағаздарын және кредиторлар алдындағы өзге де ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына айырбаставау мынадай құжаттардың бірінің негізінде жүзеге асырылады:

1) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару проспекті;

2) Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған Банкті қайта құрылымдау жоспары;

3) егер Банк дәрменсіз борышкер болып табылса, Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған оналту жоспары;

4) «Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Банктер туралы зан) көзделген тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған Банкті реттеу бойынша іс-шараларды қолдану туралы уәкілетті органның шешімі.

4.8. Банктің өз жарияланған акциялары бағалы қағаздардың бастапқы нарығында орналастырылған кезде Банктің оларды сатып алуына жол берілмейді.

4.9. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа бюджетке төленуі тиіс төлемдерді төлегеннен кейін таза табыс Банк акционерлерінің Жалпы жиналышында анықталған тәртіппен пайдаланылады.

Банк акционерлерінің Жалпы жиналышы есептік қаржылық жыл үшін Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекітеді, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылданады және Банктің бір жай акциясына есептегендегі жыл қорытындысы бойынша дивидендтер мөлшері бекітіледі.

4.10. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, Банктің акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің Жалпы жиналышында Банктің дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

Банктің акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайдаған жол беріледі.

Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.

4.11. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тоқсан, жартыжылдық немесе жыл қорытындылары бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Банктің жай акциялары бойынша тоқсан, жартыжылдық немесе жыл қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу тек қана Банктің тиісті кезең үшін қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және акционерлердің Жалпы жиналышының шешімімен жүзеге асырылады. Банктің жай акциялары бойынша жыл қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық Жалпы жиналышымен қабылданады. Акционерлердің Жалпы жиналышының жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияга төленетін дивиденд мөлшері көрсетіледі.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;

2) дивидендтер төленетін кезең;

3) бір жай акцияга шакқандағы дивидендтің мөлшері;

4) дивидендтер төлеу басталатын күн;

5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны;

6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).

Акционерлердің Жалпы жиналышы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Дивидендтерді төлеу акционерлердің Жалпы жиналысында Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде акционердің жаңартылған деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Банктің жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үәкілдті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа жоғарыда көрсетілген мерзімде жүзеге асырылуға тиіс.

4.12. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Банк органының шешімін талап етпейді.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің кепілдікті мәлшерін төлеуді Банк жылына бір рет қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік алғашқы жиырма бес күн ішінде жүзеге асырады. Банктің артықшылықты акциялары бойынша есептелетін дивидендтердің мәлшері жай акциялар бойынша осы кезең үшін Банктің жай акциялары бойынша есептелетін дивидендтердің мәлшерінен аз болмауға тиіс. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер алу құқығы бар акционерлердің тізілімі дивидендтер төлеу жүргізілетін қаржы жылының соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша белгіленеді.

Дивидендтер алу құқығы бар және Банктің акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде жаңартылған деректемелері бар акционерлерге артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер толық төленбейінше Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімінің басталуы алдындағы бес жұмыс күні ішінде Банк қаржылық есептілік депозитарийінде интернет-ресурсында келесі мәліметтерді көрсете отырып, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы акпаратты қазақ және орыс тілдерінде жариялауга міндетті:

- 1) Банктің атаяу, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір артықшылықты акцияға шакқандағы дивидендтің мәлшері;
- 4) дивидендтер төлеу басталатын күн;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны.

4.13. Орналастырылған немесе Банктің өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы Банкті тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

Келесі жағдайларда Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

- 1) ез капиталының теріс мәлшері болған жағдайда немесе егер Банктің өз капиталының мәлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) егер Банк Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы заннамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;
- 3) Банктер туралы занда, «Сақтандыру қызметі туралы» Занда және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Занда (бұдан әрі – БҚН туралы зан) көзделген жағдайларда.

4.14. Акционер, АҚ туралы занда және осы Жарғының 4.13. тармағындағы негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, Банк берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбекен жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мәлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

4.15. Банк акцияларымен мәміле жасау, Банк бастамасы және акционердің талап етуі бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу, сондай-ақ Банк акцияларымен басқа да операциялар мен әрекеттер Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Банк орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастауға құқылы. Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін акцияларының басқа түріне айырбастаудың талаптары, мерзімдері және тәртібі Банк акционерлерінің Жалпы жиналысында анықталады.

V. БАНКТІҢ ОРГАНДАРЫ. ҚҰРЫЛУ ТӘРТБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТИ

5.1. Мыналар Банк органдары болып табылады:

- 1) жоғарғы орган - акционерлердің Жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болған жағдайда - сол акционер);
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма.

5.2. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Банк банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиесінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5.3. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) Банктің аяқталған қаржы жылы үшін таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясина есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;
- 3) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының іс-эрекетіне өтініштері және оларды қарау корытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің тәрағасы Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының мүшелеріне сыйакы беру мөлшері және кұрамы туралы Банктің акционерлеріне хабарлайды.

5.4. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде өткізуі тиіс.

5.5. Барлық дауыс беретін акциялар жалғыз акционерге тиесілі болған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. АҚ туралы заңда және осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының құзыretіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мүндай акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқыққа нұксан келтірмейтін және оны шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

5.6. Егер осы Жарғының 5.4. тармағында көзделген жағдайларда жалғыз акционер немесе Банктің барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлға заңды тұлға болып табылса, АҚ туралы заңда және осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының құзыretіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыга сәйкес Банктің осындай шешімдерді қабылдауга құқығы бар органы, лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлері қабылдайды.

5.7. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыretіне мына мәселелер жатқызылады:

- 1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жана редакциясында бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаган жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) Есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйакы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 8) Банкке аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

10) Банктің есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясина шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

11) Банктің жай акциялары бойынша дивидендер төлемеу туралы шешім қабылдау;

12) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

13) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадагы активтердің бір немесе бірнеше болігін беру (алу) арқылы Банктің өзге де заңды тұлғаларды

құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

14) акционерлердің Жалпы жиналышын шақыру туралы Банктің акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;

15) Банк артықшылықты акцияларды АҚ туралы заңға сәйкес үйымдастырылмаган нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналышы бекітпесе, әдістемені бекіту);

16) акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;

17) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу;

18) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

19) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың талаптарын, мерзімдерін және тәртібін анықтау;

20) нәтижесінде Банк активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау құніне оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті Банк сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Банктің жасасуы туралы шешім қабылдау;

21) шешім қабылдау АҚ туралы заңда және (немесе) осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

5.8. Осы Жарғының 5.7. тармағының 2)-4) және 15) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналышы орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау бөлігінде осы Жарғының 5.7. тармағының 19) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (сатып алынғандары шегеріле отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі осындай шешім үшін дауыс берген жағдайдаған қабылданады деп есептеледі.

Егер АҚ туралы заңда және (немесе) Банктің жарғысында өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналышының өзге мәселелер бойынша шешімдері Банктің дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

5.9. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау акционерлердің Жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Банк қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналышы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

5.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

5.11. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналышын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) Банк Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Банк Басқармасының басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

9) Корпоративтік басқару қызметінің, ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін және жұмыс тәртібін айқындау, осы қызметтердің басшысы мен қызметкерлерін (Басқарма хатшысын қоспағанда), сондай-ақ комплаенс-тәуекелді басқаруды ұйымдастыру және үлестіру үшін жауапты қызметкерді (Бас комплаенс-басқарушыны) және комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімшениң басшысын тағайындау және лауазымнан босату, оларға енбекақы және сыйлықақы төлеу тәртібін, мөлшері мен талаптарын айқындау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы төлеу талаптарын айқындау;

11) комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімшениң сандық құрамын, жұмыс тәртібін, қызметкерлердің лауазымдары бойынша айлықақының шекті мөлшерін, Бас комплаенс-бақылаушыны ұсыну бойынша комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімшеге сыйлықақы төлеудің шекті мөлшері мен талаптарын айқындау;

12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банктің акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) Банктің ішкі қызметін (бұған Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде Банк қызметіне байланысты тәуекелдерді шектейтін саясаттар мен рәсімдерді және тәуекелдер мониторингін реттейтін құжаттарды, сондай-ақ аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарына жазылу талаптарын белгілейтін ішкі нормативтік құжатты бекіту;

14) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысуышыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

17) Банктің міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамага көбейту;

18) Директорлар кенесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

19) Банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қоргалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

20) жасасу туралы шешім осы Жарғының 5.7. тармагының 20) тармақшасына және АҚ туралы заңның 73-бабының 3-1-тармагына сәйкес Банк акционерлерінің жалпы жиналышында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға Банк мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

21) Банктің ұйымдық құрылымын бекіту;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген, акционерлердің Жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

5.12. Тізбесі осы Жарғының 5.11. тармагында белгіленген мәселелерді Банк Басқармасының шешуіне беруге болмайды.

Осы Жарғыга сәйкес Банк Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кенесінің шешім қабылдауга, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналышының шешімдеріне қайши келетін шешімдер қабылдауга құқығы жоқ.

5.13. Директорлар кенесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Банк меншігін зансыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасаскан кезде асыра пайдалануды лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде қадағалауга және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Банктегі корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

5.14. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кенесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Банкте Директорлар кенесінің комитеттері құрылуға тиіс.

Директорлар кенесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

1) стратегиялық жостарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақта аталған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті қасіптік білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар функцияларына осы тармақтың екінші бөлігінің 1)-4) тармақшаларында кезделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып табылады.

Банк Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Банктің Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатында белгіленеді.

5.15. Акционерлердің жалпы жиналыштарын және Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік хатшы тағайындалады. Корпоративтік хатшы - Банктің Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Банктің қызметкері, ол Банктің Директорлар кеңесіне есеп береді.

Корпоративтік хатшы өз қызметі шенберінде акционерлер жиналышының және Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауга және өткізуге бақылау жасайды, акционерлердің жалпы жиналышының құн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және Банктің Директорлар кеңесінің отырысына материалдар әзірлеуді қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуін бақылайды.

Корпоративтік хатшының құзыреті және қызметі Банктің ішкі құжаттарында айқындалады.

5.16. Жеке тұлға гана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі АҚ туралы заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционерлер – жеке тұлғалар;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалар;

3) Банктің акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетендерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінің мынадай бағандары болуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылған кандидаттардың тізбесі;
- 2) акционерге тиесілі дауыстар саны;
- 3) акционердің Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылған кандидатқа берген дауыстарының саны.

Кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетеніге «қарсы» және «қалыс қалды» деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысты Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидатқа толығымен беруге немесе оларды бірнеше кандидаттар арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан көп кандидат тен дауыс санын жинаған болса, бұл кандидаттарға қатысты тен дауыс санын жинаған кандидаттар көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетендерін акционерлерге ұсыну арқылы қосымша кумулятивтік дауыс беру өткізіледі.

5.17. Банк Басқармасының басшысынан баска мүшелері Директорлар кеңесіне сайланған алмайды. Банк Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланған алмайды.

5.18. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Банктің Директорлар кеңесі құрамының кем дегендеге отыз шайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

5.19. Мынадай тұлға Директорлар кеңесінің төрағасы немесе мүшесі, Банк Басқармасының төрағасы немесе мүшесі болып тағайындала (сайланған) алмайды:

- 1) жоғары білімі жоқ;
- 2) Банктер туралы заңда белгіленген халықаралық қаржылық үйимдарда еңбек өтілі жоқ, олардың тізбесін үәкілдettі орган белгілейді және (немесе) қаржылық қызметтер және (немесе) қаржы үйимдарының аудитін жүргізу қызметтерін көрсету және (немесе) реттеу саласында еңбек өтілі жоқ;
- 3) мінсіз іскерлік беделі жоқ;
- 4) бұрын басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, қаржы үйимының бас бухгалтері, ірі қатысушы - жеке тұлға, қаржы үйимын таратуға және (немесе) қаржы

нарығында қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген қаржы ұйымын консервациялау немесе оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы уәкілетті органның шешімі қабылданғанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сottың шешімі заңды құшіне енгенге дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде ірі қатысушының (банк холдингінің) - қаржы ұйымы заңды тұлғасының басшысы болған.

Көрсетілген талап қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген қаржы ұйымын консервациялау немесе оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы уәкілетті органның шешімі қабылданғаннан кейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сottың шешімі заңды құшіне енгенин кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады;

5) осы және (немесе) басқа қаржы ұйымында басшы қызметкер лауазымына тагайындауга (сайлауга) келісім қайтарып алынған. Көрсетілген талап басшы қызметкер лауазымына тагайындауга (сайлауга) келісімді қайтарып алу туралы уәкілетті органның шешімі қабылданғаннан кейін соңғы 12 (он екі) тізбекті ай ішінде қолданылады.

Жемқорлық құқық бұзушылық жасаган немесе тагайындалған (сайланған) күнге дейін 3 (үш) жыл ішінде жемқорлық құқық бұзушылық жасаганы үшін тәртіптік жазаға тартылған тұлға Директорлар кенесінің төрағасы немесе мүшесі, Банк Басқармасының төрағасы немесе мүшесі болып тагайындалуы (сайлануы) мүмкін емес;

6) бұрын басқару органының басшысы, мүшесі, атқаруышы органның басшысы, мүшесі, қаржы ұйымының бас бухгалтері, ірі қатысушы (ірі акционер) - жеке тұлға, төрт және одан көп тізбекті кезең ішінде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеуде дефолтқа жол берген немесе дефолтқа жол берілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша берешек сомасы купондық сыйақы мөлшерінен төрт есе және (немесе) одан көп мөлшерден тұратын немесе шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлем жасалатын күні республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он есе асатын сомадан тұратын ірі қатысушының (ірі акционердің) - эмитент заңды тұлғаның басқару органының басшысы, мүшесі, атқаруышы органның басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап осы тармақшада көзделген жағдайлар туындаған сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында Директорлар кенесінің, Банк Басқармасының құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын басқа талаптар белгіленуі мүмкін.

5.20. Директорлар кенесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз мәрте қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кенесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кенесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа Директорлар кенесін сайлау өткізілетін Жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кенесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кенесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

Директорлар кенесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кенесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кенесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кенесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, директорлар кенесі аталаған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кенесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кенесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кенесінің жанадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кенесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

5.21. Директорлар кенесінің төрағасы Директорлар кенесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

Директорлар кенесі төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауга құқылы.

Директорлар кенесінің төрағасы Директорлар кенесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар кенесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кенесінің шешімі бойынша Директорлар кенесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

5.22. Банк Басқармасы Банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Банктің алқалы атқарушы органдары болып табылады.

5.23. Банк Басқармасы Банк қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда Банктің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаган кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауга құқылы.

Банк Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Банк Басқармасының отырыска катысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Банк Басқармасының әр мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген, осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

Банк Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғага, оның ішінде Банк Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

Банк Басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кенесінің шешімдерін орындауга міндetti.

Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың Банк белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Банк өзінің Басқармасы осы шектеулерді бұза отырып жасаган мәміленің жарамды екеніне дауласуға құқылы.

5.24. Банк Басқармасы:

- 1) Банк атынан әрекет етеді, оның ішінде оның мүдделерін білдіреді;
- 2) Банк атынан Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен мәмілелер жасайды;
- 3) Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес материалдарды акционерлердің Жалпы жиналысының және (немесе) Банктің Директорлар кенесінің қарастыруына шығарғанға дейін Басқарманың мұндай қарастыруы тиіс мәселелерді алдын ала қарастырады және олар бойынша тиісті материалдар, ұсыныстар және шешімдер жобасын дайындаиды;
- 4) Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз етеді;
- 5) Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды қарастырады және бекітеді;
- 6) Банктің барлық қызметкерлерінің орындауы міндetti шешімдер (қаулылар) шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) есеп, есептілік, ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелерін шешеді;
- 8) Банк Басқармасы төрағасының ұсынысы бойынша Банк Басқармасының карауына шығарылған басқа мәселелерді қарастырады және шешеді;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес және Банктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаган басқа да функцияларды жүзеге асырады.

5.25. Банк Басқармасының мүшелері акционерлер және оның акционерлері болып табылмайтын Банк қызметкерлері болуы мүмкін. Банк Басқармасы мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс.

Банктің ірі катысушысы Банктің Басқарма төрағасының лауазымына тағайындалмайды (сайланбайды).

Банк Басқармасының мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кенесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Банк Басқармасы мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, аталған тұлғаның Банкпен жасайтын енбек шартымен белгіленеді. Банк атынан Банк Басқармасы төрағасымен жасалатын Енбек шартына Банктің Директорлар кенесінің төрағасы немесе осыған акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Банктің Директорлар кенесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын енбек шартына Банктің Басқарма төрағасы қол қояды.

Банктің Басқармасы төрағасының атқарушы орган басшысының лауазымын немесе басқа занды тұлғаның атқарушы органдарының функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жок.

5.26. Банк Басқармасының төрағасы:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кенесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан әкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 4) Банк қызметкерлерін қабылдауды, аудиторлық және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеген шараларын колданады және тәртіптік казалар колданады, Банктің штаттық кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеакылардың мөлшерін белгілейді, оларға берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды (Басқарма

мүшелерін және осы Жарғының 5.11. тармағының 9), 10) тармақшаларында және осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген қызметкерлерді қоспағанда);

5) Бас комплаенс-бакылаушының ұсынуы бойынша комплаенс-бакылау жөніндегі бөлімшениң қызметкерлерін (комплаенс-бакылау жөніндегі бөлімшениң басшысын қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, Банктің Директорлар кеңесі анықтаған шекті мөлшер шеңберінде комплаенс-бакылау жөніндегі бөлімшениң қызметкерлерінің (комплаенс-бакылау жөніндегі бөлімшениң басшысын қоспағанда) лаузымдық айлықақылары мен сыйлықақыларының мөлшерін белгілейді;

6) өзі болмаган жағдайда өз міндеттерін атқаруды Банктің Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

7) Банктің Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

8) осы Жарғыда және акционерлердің Жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5.27. Банк қызметінің бағыттарына жетекшілік ететін Банктің Басқарма мүшелері Басқарма төрағасының бұйрығына сәйкес, өз құзыреті шегінде Банк атынан Банк қызметкерлерінің үшінші тұлғалармен қатынастарда Банктің мүдделерін білдіру құқығына сенімхат беруге құқылы.

Басқарма төрағасының бұйрығы бойынша Банк Басқармасының жетекшілік ететін мүшесінің етініш-қолдаухаты негізінде (бар болса) Банктің дербес құрылымдық бөлімшелерінің және оның құрамына кіретін бөлімшелердің басшылары өз құзыреті шегінде Банк қызметкерлерінің үшінші тұлғалармен қатынастарда Банктің мүдделерін білдіру құқығына сенімхат беруге құқылы.

5.28. Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне бакылау жасау үшін саны үш қызметкерден кем емес Ішкі аудит қызметі ұйымдастырылған.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасының құрамына сайланған алмайды. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей багынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

5.29. Банктің лаузымды тұлғалары, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері, Банктің Басқарма төрағасы мен мүшелері:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындаиды және Банк пен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Банктің мүлкін пайдаланбауга тиіс әрі оны осы Жарғыга және акционерлердің Жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайши пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауга тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуі қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Банктің қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) Банктің қызметі туралы ақпараттың құпиялышығын, оның ішінде Банктегі жұмыс токтатылған сәттен бастап бес жылдың ішінде сактауға міндетті.

5.30. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) хабардарлық, ашықтық негізінде, Банктің және оның акционерлерінің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банктің жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;

2) барлық акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тұрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

5.31. Банктің лаузымды тұлғалары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Банкке келтірілген залалдар үшін:

1) қателесуге әкеп соктыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) АҚ туралы занда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Банкпен осындан мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Банкке зиян келтіруге әкеп соктырган ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Банк пен акционерлер алдында Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылықта болады.

АҚ туралы занда және (немесе) осы Жарғыда көзделген жағдайларда, акционерлердің жалпы жиналышының ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу

туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Банкке залал келтірлсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны немесе өзі мүше болып табылатын Банк органдың отырысында, оның ішінде олар не олардың үлестес тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды тұлғаны жауаптылықтан босатпайды.

5.32. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Банк немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан лауазымды тұлғага оның Банкке келтірген зиянды не залалдарды Банкке өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды тұлға жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, Банкке залал келтіруге әкеп соктырған ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының Банкке қайтаруы туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Банк немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) сот органдарына өтініш жасағанға дейін Банктің лауазымды тұлғаларының келтірген залалдарды Банкке өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Банкке қайтаруы туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Банктің лауазымды тұлғасы Банкке осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) сот органдарына өтініш жасағанға дейін Банктің лауазымды тұлғаларының келтірген залалдарды Банкке өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Банкке қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен Банктің Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақта көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционердің (акционерлердің) өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан аталған мәселе бойынша Директорлар кеңесінің төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде Банк мұдделерін қорғау үшін талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

5.33. Мәміленің жасалуына мұдделі және орындау нәтижесінде Банкке залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда, Банктің лауазымды тұлғалары, егер Банктің органды қабылдаған, Банкке не акционерге залалдар келтіруге әкеп соктырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды тұлғаның Банктің лауазымды тұлғалары қызметтінің АҚ туралы занда белгіленген қагидаттарын сактай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Банк мұдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (қасіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

5.34. Меншікке карсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдар қызметтінің мұдделеріне карсы қылмыстарды жасағаны үшін сот кінәлі деп таныған, сондай-ақ көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармактарының немесе 36-бабының негізінде босатылған Банктің лауазымды тұлғалары занда белгіленген тәртіппен сотталғандығы жойылған немесе алынған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл бойы Банктің лауазымды тұлғалары, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің/акционерлердің өкілі міндеттерін орындаі алмайды.

5.35. Егер Банктің қаржылық есептілігі Банктің қаржылық жағдайын бұрмаласа, Банктің осы қаржылық есептілігіне қол қойған Банктің лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауаптылықта болады.

VI. БАНК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

6.1. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Еркіті түрде таратылу процесіндегі Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Банктің тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының зан актілерінде акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуі:

1) Банктің Басқармасы;

2) өзімен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;

3) Директорлар кеңесі;

4) Банктің тарату комиссиясы жүзеге асырады.

АҚ туралы занда белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Банк көтереді.

Банктің органдары акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақырудың АҚ туралы занда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер Банк органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы Банктің ірі акционерінің талабын орындауда, Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы оның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

6.2. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабы Банктің Басқармасы орналаскан жер бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуга тиіс.

Банктің Директорлар кеңесі ірі акционердің талабы бойынша шақырылған акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелерінің тұжырымдамаларына өзгерістер енгізуге және ұсынылған өткізу тәртібін өзгертуге құқылы емес.

Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы шақырылған кезде Директорлар кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауды бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

6.3. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талапты ірі акционер (акционерлер) қойған жағдайда, мұндай жиналысты шақыруды талап етуші акционерлердің (акционердің) есімдері (атаулары) және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуге тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуші тұлға (тұлғалар) қол қояды.

6.4. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындаш шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған тұлғага акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті.

6.5. Директорлар кеңесінің ірі акционердің талап етуі бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты қоюдың осы Жарғының 6.2., 6.3., 6.4. тармақтарында белгіленген тәртібі сақталмаған;

2) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуге ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда қабылдануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне сotta дау айтылуы мүмкін.

6.6. Егер Директорлар кеңесі АҚ туралы занда белгіленген мерзім ішінде қойылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдамаса, оның шақырылуын талап етуші тұлға Банкті акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

6.7. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде орталық депозитарий жасайды. Аталған тізімді жасау күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

Акционерлердің тізіміне енгізілуге тиісті мәліметтерді үәкілетті орган белгілейді.

6.8. Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген түлға Банктің оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуге тиіс.

6.9. Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар түлғалардың негұрлым көшілігі жиналысқа қатыса алғатында етіп белгіленуге тиіс.

Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің Жалпы жиналысының коспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысы Бантың Басқармасы орналасқан жердегі елді мекенде өткізуға тиіс.

Жиналысқа қатысуышыларды тіркеу басталатын уақыт пен жиналысты өткізу уақыты Банктің Есеп комиссиясына жиналысқа қатысуышыларды тіркеуді, санын есептеуді және оның кворумын айқындауды жүргізуге жеткілікті уақытты қамтамасыз етуге тиіс.

6.10. Акционерлерге алда Жалпы жиналыс өткізілетін туралы жиналыс өткізілетін күннен - күнтізбелік отыз күн бұрын, ал бір немесе одан көп акционерге хабарлау үшін пошталық байланыс құралдарын пайдалану арқылы өткізілетін сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында, күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануы тиіс.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысы отырысының күн тәртібіне үәкілдегі органның талабы бойынша пруденциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы мәселе енгізілген жағдайда, акционерлерге алда Жалпы жиналыс өткізілетін туралы жиналыс өткізілетін күннен – он жұмыс күнінен кешіктірмей, ал бір немесе одан көп акционерге хабарлау үшін пошталық байланыс құралдарын пайдалану арқылы өткізілетін сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында, он бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлануы тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануы және (немесе) акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы оның мәліметіне жеткізілуі тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз тасымалдаушыда немесе электронды түрде жолданады.

Банк акционерлерінің шешімдері сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Банк акционерлері Жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысуышыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, Банк акционерлерінің өткізуға тиісті болған Жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 5) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Банк акционерлерін акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 7) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 8) оларға сәйкес Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.

Аралас дауыс беру кезінде Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада жоғарыдағы осы тармақтың 1-8) тармақшаларында көзделген акппаратқа қосымша бюллетеңдерді берудің накты күні көрсетіледі.

Сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылданатын Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 4) сырттай дауыс беру нәтижелерін санау үшін бюллетеңдерді берудің бастапқы және соңғы күндері;
- 5) сырттай дауыс беру нәтижелерін санайтын күн;
- 6) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 7) Банк акционерлерін акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 8) дауыс беруді өткізу тәртібі;

9) оларға сәйкес Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.

6.11. Акционерлердің Жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (өтпей қалған) Жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауга болмайды.

Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізілуге тиіс.

Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы күн тәртібінің акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

6.12. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кенесі жасайды және онда талқылауга ұсынылатын мәселелердің накты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кенесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауга міндетті.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Банктің жиналыста ұсынылған дауыс беретін акцияларының жалпы санының көшілік даусымен жүзеге асырылады.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне мынадай мәселелер:

1) егер Банктің акционерлеріне мұндай толықтырулар туралы Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарланса, Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер не Директорлар кенесі ұсынатын толықтырулар;

2) егер шешімге енгізуге акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көшілігі жақтап дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Егер шешімге енгізуге орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берсе, акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысының күн тәртібі артықшылықты акцияларды иеленуші акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін болатын мәселемен толықтырулы мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысы сырттай және (немесе) дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауга және олар бойынша шешім қабылдауга құқылды емес.

Күн тәртібінде, «әр түрлі», «өзге», «басқалары» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдары тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

6.13. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауга қажетті ақпарат болуға тиіс.

Банктің органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат:

- 1) аты, тегі, сондай-ақ тілегі бойынша - экесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Банкпен үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Банктің Директорлар кенесін сайлау (Директорлар кенесінің жана мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Директорлар кенесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат қай акционердің өкілі болып табылатындығы немесе ол Банктің тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатын-табылмайтындығы көрсетілуге тиіс. Егер Директорлар кенесінің мүшелігіне кандидат акционер не АҚ туралы заңын 54-бабының 2-тармағының 3) тармакшасындағы көрсетілген жеке тұлға болып табылса, онда бұл мәліметтер де акционерлердің тізімі қалыптастырылған күнгі Банктің дауыс беретін акцияларын акционердің иелену үлесі туралы деректер енгізіле отырып, материалдарда көрсетілуге тиіс.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;

3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;

4) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;

5) акционерлердің жалпы жиналышын еткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар қамтылуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін Банктің атқарушы органды орналаскан жерде жиналыш өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал салу алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс, құжаттар қөшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.

6.14. Егер жиналышқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (акционерлердің жалпы жиналышын сырттай дауыс беру тәртібімен өткізген жағдайда барлық бюллетенъдерді берген күнде немесе бюллетенъдерді беру мерзімі аяқталған күнде) оған қатысуга және дауыс беруге құқығы бар, Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан көп пайзызын иеленетін акционерлер тізіміне енгізілген акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелген болса, акционерлердің жалпы жиналышы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналышы орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналышы, егер:

1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналышын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп пайзызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетенъдер жіберілген жағдайда, атапған бюллетенъдермен берілген және Жалпы жиналышқа қатысушыларды тіркеу кезінде Банк алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

Акционерлердің Жалпы жиналышын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаган жағдайда акционерлердің Жалпы жиналышы қайталап өткізілмейді.

6.15. Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған Есеп комиссиясының функциясын акционерлердің Жалпы жиналышының хатшысы жүзеге асырады.

Акционерлердің Жалпы жиналышының шешімі бойынша Есеп комиссиясының функциясы орталық депозитарийге жүктелуі мүмкін.

6.16. Акционер жеке өзі немесе өз өкілі арқылы акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуга және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Банктің Басқарма мүшелерінің акционерлердің Жалпы жиналышында акционерлердің өкілдері ретінде сез сөйлеуге құқығы жоқ.

Мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, Банк қызметкерлерінің акционерлердің Жалпы жиналышында акционерлердің өкілдері ретінде сез сөйлеуге құқығы жоқ.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуга және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

6.17. Акционерлердің Жалпы жиналышын откізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Банктің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес не акционерлердің Жалпы жиналышының тікелей шешіммен белгіленеді.

Акционерлердің Жалпы жиналышы ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің Жалпы жиналышына қатысуга және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты қөрсетуге тиіс.

Акционерлердің шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Жалпы жиналышының кворумын анықтаған кезде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетенъдері есепке алынады.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналышына келген акционер (акционердің өкілі) тіркелиге міндетті.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жок.

Банктің артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын акционер акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

Егер акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналышының шешімінде өзгеше белгіленбесе, оған өзге тұлғалар шақырусыз қатыса алады. Акционерлердің Жалпы жиналышында мұндай тұлғалардың сез сөйлеу құқығы акционерлердің Жалпы жиналышының шешімінде белгіленеді.

Акционерлердің Жалпы жиналышы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыштың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналышы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.

Акционерлердің Жалпы жиналышы Жалпы жиналыштың Төрағасын (Төралқасын) және хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналышы ашық немесе жасырын (бюллетеңдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлердің Жалпы жиналышының Төрағасын (Төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Жиналышқа қатысушы акционерлердің барлығы Банктің Басқармасына кіретін жағдайларды қоспағанда, Банк Басқармасының мүшелері акционерлердің Жалпы жиналышында төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналышын өткізу барысында оның Төрағасы қаралып отырган мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сез сөйлеуіне, мұндай сездер акционерлердің Жалпы жиналышының регламентін бұзуга әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгөт жасауға құқығы жок.

Акционерлердің Жалпы жиналышы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің Жалпы жиналышын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

Акционерлердің Жалпы жиналышының хатшысы акционерлердің Жалпы жиналышының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.

6.18. Акционерлердің Жалпы жиналышының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналышына қатысып отырган акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің Жалпы жиналышының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеңдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Акционерлердің Жалпы жиналышында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен Банктің дауыс беруге арналған бюллетеңдерді жекелеген акционерлерге таңдал жіберуге құқығы жок.

Дауыс беруге арналған бюллетең акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға:

1) пошталық байланыс құралдарын пайдалану кезінде - акционерлердің Жалпы жиналышы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей;

2) электрондық тәсілмен хабарлама жіберу немесе оны қаржылық депозитарийдің интернет-ресурсында орналастыру кезінде - акционерлердің Жалпы жиналышы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеңде:

- 1) Банк Басқармасының толық атавы және орналасқан жері;
- 2) жиналышты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеңдерді берудің нақты күні;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналышын жабу күні;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;

- 7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
- 8) акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтайты», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеніді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуга тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніге жеке тұлға - акционер (жеке тұлға - акционердің өкілі) осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Занды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы (занды тұлға - акционердің өкілі) қол қоюға тиіс.

Жеке тұлға - акционердің не занды тұлға - акционер басшысының немесе жеке тұлға - акционер өкілінің не занды тұлға - акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетені жарамсыз деп есептеледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніге акционердің өкілі қол қойған жағдайда сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніге сенімхаттың немесе акционер өкілінің өкілеттіктерін растайтын езге құжаттың көшірмесі қоса ұсынылады.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетеніде белгіленген дауыс беру тәртібін сактаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

Егер акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуга тиіс.

Егер акционерлердің Жалпы жиналышы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген жағдайда тиісті түрде толтырылған бюллетенідер барлық акционерлерден дауыстарды санау белгіленген күннен бұрын келіп түскен болса, онда дауыстарды уақытынан ертерек күні санауга жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсітіледі.

6.19. Акционерлердің Жалпы жиналышында дауыс беру:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналышында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғага акционерлердің Жалпы жиналышын өткізуіндегі рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Акциялар бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде дауыстарды акционер Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін толық беруі немесе ол Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруі мүмкін. Дауыстар саны ең көп берілген кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілген жағдайда мұндай дауыс беруге арналған бюллетенідер (бұдан әрі осы бапта - қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетенідер) дауыс беру жасырын тәсілмен жүргізілтін әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуға тиіс. Бұл орайда қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеніде:

- 1) мәселенің тұжырымдалуы немесе жиналыштың күн тәртібіндегі оның рет нөмірі;
- 2) мәселелер бойынша «жақтайты», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе Банктің органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 3) акционерге тиесілі дауыстар саны болуга тиіс.

Акционер бюллетеніге өзі қол қоюға, оның ішінде өзіне тиесілі акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алу туралы Банкке талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайы қоспағанда, акционер қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеніге қол қоймайды.

Қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетенідер бойынша дауыстарды есептеу кезінде дауыс берушілердің бюллетеніде белгіленген дауыс беру тәртібі сакталған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қалдырылған мәселелер бойынша дауыстары есепке алынады.

6.20. Дауыс беру қорытындылары бойынша Есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды.

Акционердің дауыс беруге қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда Банктің Есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін қатысып жасырын және сырттай дауыс беру үшін толтырылған (оның ішінде жарамсыз деп танылған

бюллетенъдер де), соның негізінде хаттама жасалған бюллетенъдер хаттамамен бірге тігіледі және Банкте сакталады.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

Дауыс беру қорытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген Жалпы жиналысының барысында жария етіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде оларды қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы және Банктің Жарғысында белгіленген тәртіппен (мұндай тәртіп болған жағдайда) акционерлердің мәліметіне жеткізіледі.

Акционерлерге дауыс беру қорытындылары туралы хабарлама тікелей әрбір акционерге жіберіледі немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

6.21. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) акционерлердің Жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) Банктің акционерлердің Жалпы жиналысындағы ұсынған дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы (Төралқасы) және хатшысы;
- 8) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөздері;
